

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 891 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 24 тамыздағы

N 891 қаулысымен

бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):  
көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

реттік нөмірлері 21-28 ("Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы" ЖАҚ) және 111-жолдарда "ЖАҚ" деген аббревиатура "АҚ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 123-29-жол мынадай редакцияда жазылсын:  
"123-29 "Мектеп" баспасы" ЖШС".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:  
көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігіне" деген бөлімде:  
реттік нөмірлері 223, 224-16-жолдарда "ЖАҚ" деген аббревиатура "АҚ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 224-4-жол мынадай редакцияда жазылсын:  
"224-4 "Мектеп" баспасы" ЖШС".

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 747 Қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29 N 1130 қаулысымен.

5. "Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 398 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 16, 209-құжат):

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Бағдарламаның іске асырылу барысын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.С.Әйтимоваға жүктелсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасында:

мәтіндегі "Хабар" агенттігі" ЖАҚ" деген сөздер "Хабар" агенттігі" АҚ" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8 - б ө л і м д е :

7-бағанда, реттік нөмірлері 3.1. және 3.9-жолдарда "Қазақстан" РТРК" ЖАҚ" деген сөздер "Қазақстан" РТРК" АҚ" деген сөздермен ауыстырылсын.